«Қарағанды облысының
қаржы және мемлекеттік
активтер басқармасы»
ММ басшысының
2026 жылғы «06» 05
№ 136 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қарағанды облысы білім басқармасының
Қарағанды қаласы білім бөлімінің
«№65 жалпы білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ

Қарағанды қаласы, 2026 жыл

Scanned with CamScanner

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Қарағанды облысы білім басқармасының Қарағанды қаласы білім бөлімінің «№65 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) функцияларды жүзеге асыру үшін мекеме ұйымдастырушылық-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеме Қарағанды облысы әкімдігінің «Қарағанды облысының білім беру ұйымдары мен бөлімдерін қайта атау туралы» 2021 жылғы 5 қаңтардағы №01/01 қаулысымен құрылған.

3. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы: Қарағанды облысының әкімдігі.

4. Мемлекеттік мекемені басқаруды жүзеге асыратын орган ретінде Қарағанды облысы білім басқармасының «Қарағанды қаласы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі тұлғасында «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі табылады.

5. Мемлекеттік мекеменің атауы

Мемлекеттік (қазақ) тілінде: Қарағанды облысы білім басқармасының Қарағанды қаласы білім бөлімінің «№65 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

Орыс тілінде: коммунальное государственное учреждение «Общеобразовательная школа №65» отдела образования города Караганды управления образования Карагандинской области.

6. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: 100007 Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Әлихан Бөкейхан ауданы, 14 ықшам аудан, 4Б құрылым.

2-тарау. Мемлекеттік мекеменің заңды мәртебесі

7. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

8. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды, сондай-ақ оны құра алмайды.

9. Мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапты болады.

10. Мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

Scanned with CamScanner

3-тарау. Мемлекеттік мекеменің қызметінің мәні мен мақсаттары

11. Мемлекеттік мекеменің қызметінің мәні: жеке тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің мүддесі үшін оқыту мен тәрбиелеу; баланың жеке тұлғасының жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау; білім алушылардың өзін-өзі тану және қосымша білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

12. Мемлекеттік мекеменің қызметінің мақсаты:

1) ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға, кәсіби тұрғыдан шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайларды жасау;

2) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершіліктің және салауатты өмір салтының мықты негіздерін қалыптастыру, даралықтың дамуына жағдайлар жасау арқылы интеллектіні байыту;

3) азаматтық пен отансүйгіштікке, өз Отанына, Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халықтық дәстүрлерді қастерлеуге, кез-келген конституцияға қарсы және қоғамға қарсы көріністерге төзбеушілікке тәрбиелеу;

4) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттіліктерін, жеке тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы қарым-қатынасын қалыптастыру;

5) ұлттық және әлемдік мәдениеттің жетістіктерімен таныстыру; қазақ және республиканың басқа халықтарының тарихын, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін зерттеу; мемлекеттік, орыс, шетел (ағылшын) және басқа тілдерді меңгеру.

6) педагогикалық қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

7) қоғам мен экономика қажеттіліктеріне жауап беретін білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі;

8) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кредиттік, қашықтықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ендіру және тиімді пайдалану;

9) бейіндік сыныптарды ашу арқылы білім алушылардың кәсіби уәждемесін (мотивациясын) қамтамасыз ету;

10) ерекше білім беру қажеттіліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушыларға білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін жағдайлар жасау;

13. Мемлекеттік мекеме өз мақсаттарына жету үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

Scanned with CamScanner

1) Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген азаматтардың жалпыға міндетті білім беру стандарттарында белгіленген тегін орта білім алу құқығын іске асыру;

2) жалпы білім беретін бағдарламаларды сапалы меңгеруді қамтамасыз ету;

3) дамыта оқытудың жаңа мазмұнын, оны енгізу нысандары мен әдістерін іздестіру, әзірлеу, эксперименттік оқу жоспарларын, бағдарламалар мен факультативтік курстарды апробациядан өткізу;

4) мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес оқыту нысандарын, құралдарын және әдістерін, сондай-ақ оқу-тәрбие процесін, ғылыми-педагогикалық қызметті ұйымдастыру тәртібін дербес таңдайды;

5) оқу-тәрбие қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде әзірленген және жалпыға міндетті негізгі және қосымша бағдарламаларды игеруді іске асыратын оқу жоспарлары мен бағдарламаларға сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік мекеменің бағдарламалары мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің үлгілік бағдарламаларына сүйенеді;

6) мемлекеттік мекемеде оқыту мемлекеттік (қазақ) және орыс тілдерінде жүргізіледі;

7) Оқу жұмыс жоспарының вариативтік бөлімі қамтамасыз етіледі:

- жеке таңдау, жеке даму бағдарламасы, инновациялық және оқыту технологияларын қолдану;
- мекеменің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыруға арналған пәндерді дамытатын жаңа оқу жоспарларын енгізу;
- оқушылардың ақыл-ой белсенділігін дамыта отырып, шындықты танудың әмбебап әдістерін игеруге бағытталған жеке тұлғаның жалпы мәдени дамуына ықпал ететін, дүниетанымы мен гуманистік санасын қалыптастыратын пәндер мен курстарды енгізу.

8) Мемлекеттік мекеменің құрылымы:

- әкімшілік (директор және оның орынбасарлары);
- Педагогикалық кеңес, ғылыми әдістемелік кеңес, Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес, Қамқоршылар кеңесі, жалпы мектептегі ата-аналар комитеті, сыныптық ата-аналар комитеттері, пәндік әдістемелік бірлестіктер;
- сынып, топ – мемлекеттік мекеменің негізгі құрылымдық бірлігі;

9) Білім беру деңгейлері:

- бастауыш білім беру (1-4 сыныптар) негізгі стратегиялық бағыт – кіші мектеп оқушысының жеке қабілеттерін ашуға, қызметтің негізгі салаларында бастапқы бағдарлануды және оқудың оң уәждемесі (мотивациясы) негізінде шығармашылықтың бастапқы дағдыларын қалыптастыруға, балалардың психофизикалық, интеллектуалдық және музыкалық дамуы үшін жағдай жасауға мүмкіндік беретін дамыта оқыту болып табылады. Оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – 4 жыл;

Scanned with CamScanner

- негізгі орта білім беру (5-9 сыныптар) білім беру мазмұнын жаңартуға бағытталған базалық әмбебап білім беруді қамтамасыз етеді, күрделірек танымдық процестерге көшу үшін арнайы іскерліктер мен дағдыларды қалыптастырады; жалпы дамытушы және арнайы курстарды таңдауды қамтамасыз етеді, білім алушыларға жеке оқыту жүйесін құруға мүмкіндіктер жасайды. Қазақстан Республикасына, өз Отанына деген азаматтылық пен патриотизмді, сүйіспеншілікті тәрбиелеу, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, халықтық дәстүрлерді ардақтау, кез келген конституцияға қарсы және қоғамға қарсы көріністерге төзбеушілік. Білім алушылардың кәсіби бағдарлануын қамтамасыз ету. Негізгі орта білім беру жалпы орта білім алу үшін негіз болып табылады. Әрбір пәннің мазмұнын зерделеу негізгі орта білім беру деңгейінде аяқталады. Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – 5 жыл;
- жалпы орта білім беру (10-11 сыныптар) танымға деген қызығушылықтың және оқушының шығармашылық қабілеттерінің дамуын, оқуды саралау негізінде өз бетінше оқу іс-әрекетінің дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Міндетті пәндерден басқа, пәндер жеке тұлғаның қызығушылықтарын, қабілеттері мен мүмкіндіктерін, яғни гуманитарлық немесе жаратылыстану-математикалық бағыттар бойынша мамандандырылған оқытуды жүзеге асыру мақсатында оқушылардың өз қалауы бойынша енгізіледі. Жалпы орта білім бастауыш кәсіптік, орта кәсіптік (қысқартылған, жеделдетілген бағдарламалар үшін) және жоғары кәсіптік білім алудың негізі болып табылады. Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – 2 жыл.

10) мемлекеттік мекеме оқу жоспарының вариативтік компоненті сағаттарын мемлекеттік мекеме ғимаратынан тыс жерде (мәдениет мекемелерінде, спорт құрылыстарында, әскери объектілерде, зерттеу зертханаларында, өнеркәсіптік кәсіпорындарда, қосымша білім беру ұйымдарында және т.б.) өткізуге құқылы;

11) Білім берудің мемлекеттік стандартында айқындалған пәндерді оқып-үйрену кезінде сыныптар кемінде 24 оқушы болған жағдайда 2 шағын топқа бөлінуі мүмкін. Факультативтік сабақтар және таңдау курстары топтарда кемінде 12 адам болған кезде өткізіледі;

12) Мемлекеттік мекеме денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытындыға сәйкес оқушылармен үйде сабақ өткізуді қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нұсқаулықтарына сәйкес апталық оқу сағаттарының саны бөлінеді, сабақ кестесі жасалады, мемлекеттік мекеме директорының бұйрығымен педагогтардың дербес құрамы айқындалады, өткізілген сабақтардың журналы жүргізіледі. Ата-аналар немесе өзге де заңды өкілдер үйде сабақ өткізу үшін жағдай жасауға міндетті;

13) Тиісті контингентті көрсете отырып, сыныптар жиынтығы «Қарағанды облысының білім басқармасы Қарағанды қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысымен келісіледі. Сабақ жиынтығын

Scanned with CamScanner

құруға мекеменің басшысы жекс жауап береді. Сыныптардағы оқушылардың саны қолданыстағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережелеріне сәйкес, осы білім беру ұйымына тікелей бөлінген бюджеттік қаражатты ескере отырып, санитарлық нормалар сақталған жағдайда белгіленеді.

14) Оқу сабақтары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен басталады және аяқталады. Оқу жылының ұзақтығы, оның ішінде оқу апталары мен каникулдардың саны мемлекеттік талаптарға сәйкес айқындалады. Білім беру саласындағы стандартқа және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік актілеріне сәйкес айқындалады.

15) мемлекеттік мекемеде жұмыс және сабақ режимінің мынадай тәртібі белгіленуі мүмкін: сабақтардың басталуы бірінші ауысымда – сағат 8:00-де, екінші ауысымда – сағат 14:00-де. Сабақ кестесін мемлекеттік мекеменің директоры немесе оны алмастыратын тұлға бекітеді. Сабақ кестесінде оқу сабақтарының күнделікті саны, ұзақтығы мен дәйектілігі, сондай-ақ сабақ арасындағы үзілістердің ұзақтығы көрсетіледі. Мемлекеттік мекемедегі сабақ кестесінің мәселелері қолданыстағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларымен реттеледі. Сабақ кестесі уәкілетті органдар және (немесе) лауазымды тұлғалар белгілеген шектеу іс-шараларына негізделген эпидемиологиялық жағдайға сәйкес өзгеруі мүмкін;

16) сабақ арасындағы үзіліс кезеңінде мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мекеменің асханасында жүзеге асырылатын білім алушылардың тамақтануын ұйымдастырады;

17) мемлекеттік мекемедегі тәртіп білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтардың адамдық қадір-қасиетін құрметтеу негізінде қолдау табады. Білім алушыларға қатысты физикалық және психикалық зорлық-зомбылық әдістерін қолдануға жол берілмейді;

18) оқу-тәрбие процесін жүргізудің қолайлы жағдайларын жасау, оқушылардың сырқаттанушылығының профилактикасы, алдын алу және төмендету, санитариялық-гигиеналық нормаларды сақтау, емдеу іс-шараларын жүргізу, медициналық тексеруден өту мақсатында мемлекеттік мекеме білім алушыларға медициналық қызмет көрсетуге денсаулық сақтау ұйымымен (емханамен) шарт жасасады, ол оның ішінде мемлекеттік мекеменің әкімшілігімен және педагогикалық персоналымен қатар білім алушылардың денсаулығы мен дене дамуы үшін жауапты болатын медициналық бикемен қамтамасыз етіледі;

19) мемлекеттік мекеменің директоры ата-аналар комитетімен, қамқоршылық кеңеспен келісу бойынша мемлекеттік мекемеде белгіленген тиісті үлгідегі және оны кию тәртібіндегі мектеп формасын бекітеді;

20) міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №

Scanned with CamScanner

26 бұйрығымен айқындалған жалпы талаптарға сәйкес келуге тиіс. Міндетті мектеп формасы оқытудың зайырлы сипатына сәйкес келеді. Мектеп формасының фасоны, түсі классикалық үлгіде, бірыңғай түс гаммасында, үш түстен асырмай араластыруға рұқсат етіле отырып сақталады. Мектеп формасының түсі тыныш және ашық түстер тудыратын (немесе: көзді қарықтыратын ашық түсті) болмауы тиіс. Мектеп формасына түрлі конфессиялардың діни қатыстылығын білдіретін киім элементтерін қосуға жол берілмейді.

21) мемлекеттік мекемеде саяси партиялардың, қоғамдық-саяси және діни қозғалыстар мен ұйымдардың ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың қызметіне жол берілмейді;

22) Инклюзивті білім берудің мақсаттарын жүзеге асыра отырып, мекеме ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға олардың білім алуы, дамуында ауытқушылықтарды түзету және білім берудің барлық деңгейлерінде әлеуметтік бейімделуі үшін ерекше жағдайлар жасайды. Оқу орнындағы оқушылардың ата-аналарының немесе басқа заңды өкілдерінің мүдделерін ескере отырып, инклюзивті сыныптар ашылуы мүмкін (бір сыныпта ерекше білім беру қажеттіліктері бар екі баладан артық оқуға болмайды). Инклюзивтік сыныптарға психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың қорытындылары мен ұсыныстары негізінде оқуға түскен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар жалпы білім беру бағдарламасы немесе жеке бағдарлама бойынша оқытыла алады. Инклюзивті сыныптарға жазылған ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін түзету сабақтарын арнайы мұғалімдер (олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог, мұғалім-дефектолог, мұғалім-логопед, логопед) жүргізеді. Мекемеде сөйлеу орталығы өз жұмысын тұрақты негізде жүргізе алады. Сөйлеу орталығының ашылуы «Қарағанды қаласы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрығымен ресімделеді:

23) мемлекеттік мекемеге қабылдау бастауыш, негізгі, орта, жалпы орта білім берудің білім беру оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларымен айқындалатын құжаттар тізбесіне және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсетудің тиісті мемлекеттік стандартына сәйкес жүргізіледі. Сыныптан сыныпқа көшіру үлгерім нәтижелері бойынша педагогикалық кеңестің шешімімен жүргізіледі;

24) білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылаудың, аралық және қорытынды аттестаттаудың үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізіледі;

25) қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен түлектерге мемлекеттік мекеменің мөрімен расталған тиісті білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі;

Scanned with CamScanner

26) Кәмелеттік жасқа толмаған білім алушыларды шығаруға құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны, мемлекеттік мекеменің жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін Қарағанды облысы білім басқармасының «Қарағанды қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шешімімен ерекше жағдайларда жол беріледі.

27) жалпы білім беретін процеске қатысушылар: білім алушылар, педагогтар, білім алушылардың ата-аналары және өзге де заңды өкілдері;

28) білім алушылардың құқықтары:

- тегін жалпы орта білім алуға;
- қызметтің әртүрлі түрлеріндегі ерекше жетістіктері үшін көтермеленуге;
- медициналық қызмет көрсетілуге;
- кітапхана қорын тегін пайдалануға;
- мекемені басқаруға қатысуға;
- адамның қадір-қасиетін құрметтеуге, ар-ождан және ақпарат бостандығына, өз пікірі мен нанымын еркін білдіруге құқылы.

29) білім алушылардың міндеттері:

- мемлекеттік мекеменің жарғысы мен ішкі тәртіп қағидаларын орындау;
- адал оқу және мемлекеттік мекеменің мүлкіне ұқыпты қарау;
- басқа білім алушылар мен мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу;
- мемлекеттік мекеме белгілеген мектеп формасын кию.

30) ата-аналар мен өзге де заңды өкілдердің құқықтары:

- мемлекеттік мекеме ұсынатын мүмкіндіктер аясында, тілегін, білім алушының жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту нысанын таңдауға;
- қамқоршылық кеңес немесе ата-аналар комитеті арқылы мемлекеттік мекемені басқару органдарының жұмысына қатысуға;
- білім алушының үлгерімі, тәртібі және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға;
- білім алушыны оқыту және тәрбиелеу проблемалары бойынша консультативтік көмек алуға құқылы.

31) ата-аналар мен өзге де заңды өкілдердің міндеттері:

- білім алушы үшін өмір сүруге және оқуға салауатты әрі қауіпсіз жағдайлар жасау, интеллектуалдық және дене дамуын, адамгершілік тұрғыдан қалыптасуын қамтамасыз ету;
- білім алушының мектепалды дайындығын қамтамасыз ету;
- мемлекеттік мекеменің жарғысында айқындалған қағидалардың орындалуын қамтамасыз ету;
- білім алушының мемлекеттік мекемедегі сабақтарға қатысуын қамтамасыз ету;
- білім алушының мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрметпен қарауын қамтамасыз ету;

Scanned with CamScanner

- мемлекеттік мекемеде белгіленген тиісті үлгідегі және оны кию тәртібіндегі мектеп формасына қойылатын талаптардың орындалуын қамтамасыз ету.

- ішкі тәртіп қағидаларының орындалуын, мемлекеттік мекеменің мүлкіне ұқыпты қарауды қамтамасыз ету;

- зақым келтірілген жағдайда мемлекеттік мекеменің мүлкін толық қалпына келтіруді немесе өтеуді қамтамасыз ету;

32) мемлекеттік мекемені басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы жарғыға сәйкес жүзеге асырылады. Алқалы басқару нысаны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен педагогикалық кеңес болып табылады;

33) мемлекеттік мекемені тікелей басқаруды директор жүзеге асырады;

34) директор жауапты болады:

- мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің біліктілік деңгейіне, білім беру бағдарламаларының оқу жоспары мен оқу процесінің кестесіне сәйкес іске асырылуына,

- білім алушылардың білім сапасына, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім беру процесі кезінде мемлекеттік мекемедегі білім алушылар мен қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына, құқықтары мен бостандықтарының сақталуына;

- дәлелді себептерсіз нормативтік актілерді, мемлекеттік мекемені басқару органдарының бұйрықтарын, лауазымдық нұсқаулықта белгіленген лауазымдық міндеттерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, оның ішінде берілген құқықтарды пайдаланбағаны үшін;

- білім алушының жеке басына қатысты физикалық және (немесе)

психикалық зорлық-зомбылыққа байланысты тәрбие әдістерін, оның ішінде бір реттік қолданғаны, сондай-ақ өзге де азғындық теріс қылық жасағаны үшін директор еңбек заңнамасына сәйкес атқаратын лауазымынан босатылуы мүмкін.

- оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау,

санитариялық-гигиеналық қағидаларын бұзғаны үшін директор Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікке тартылады;

мемлекеттік мекеменің антитеррорлық қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңында көзделген іс-шараларды іске асырады.

35) педагогикалық қызметпен айналысуға тиісті бейіндер бойынша арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білімі бар адамдар жіберіледі. Жұмысқа мынадай адамдар жіберілмейді:

- медициналық қарсы көрсетілімдері бар;

- психиатриялық және (немесе) наркологиялық диспансерде есепте тұратын. Жыл сайын жылына бір рет, оқу жылының басында педагог өзінің психиатриялық және (немесе) наркологиялық диспансерде есепте тұрмайтындығын кез келген заңды тәсілмен растайды;

Scanned with CamScanner

- заңды күшіне енген сот үкіміне сәйкес педагогтың кәсіптік қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылған;

- Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған.

36) жұмысқа қабылдау кезінде директор азаматтық қызметшінің тиісті бос лауазымдарын атқаруға қойылатын біліктілік талаптарын басшылыққа алуға міндетті. Тиісті білімсіз педагогикалық қызметпен айналысуға жол берілмейді. Педагогикалық лауазымдар бойынша азаматтарды қабылдау тәртібін бұзғаны үшін дербес жауапкершілік директорға жүктеледі. Мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен тиісті лауазым немесе қызмет түрі үшін айқындалады;

37) мемлекеттік мекемені басқару нысандарының бірі педагогикалық кеңес болып табылады. Педагогикалық кеңестің құрамына: директор (төраға), оның орынбасарлары, педагогтар, тәрбиешілер, психолог, әлеуметтік педагог кіреді. Мемлекеттік білім беру мекемесі педагогикалық кеңесінің отырыстарына ата-аналар комитетінің немесе қамқоршылық кеңестің мүшелері шақырылады. Педагогикалық кеңестің құрамы оқу жылына директордың бұйрығымен бекітіледі. Педагогикалық кеңес өз құрамынан бір жыл мерзімге хатшыны сайлайды.

38) Педагогикалық кеңес мыналарды қарайды:

- мемлекеттік мекемедегі құқықтық актілерді орындау жөніндегі іс-шараларды;

- оқу-тәрбие және әдістемелік жұмыстың жай-күйін, оқытудың барлық нысандары бойынша оқыту әдістерін жетілдіру мәселелерін, оқытудың жаңа технологияларын енгізуді;

- оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау мәселелерін;

- қорытынды аттестаттауды өткізу, білім алушыларды емтихандарға жіберу, ұсынылған құжаттар негізінде білім алушыларды емтихандардан босату, білім алушыларды келесі сыныпқа көшіру немесе қайта курста қалдыру, білім алушыларды грамоталармен, мақтау қағаздарымен марапаттау, негізгі орта білім туралы үздік аттестаттар, негізгі орта білім туралы аттестаттар, белгіленген үлгідегі анықтамалар беру мәселелерін;

- оқу жүктемесін бөлу, алдын ала тарификациялау, аттестаттауға дайындық, педагогтарды марапаттау және көтермелеу мәселелерін.

39) педагогикалық кеңестің жұмысы оқу жылына әзірленетін, педагогикалық кеңестің отырысында қаралатын және мемлекеттік мекеменің директоры бекітетін жоспарға сәйкес жүргізіледі. Педагогикалық кеңес жылына кемінде бес рет жиналады.

14. Мемлекеттік мекеме осы жарғыда бекітілген қызметінің мәні мен мақсаттарына сәйкес келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасасуға құқылы емес.

15. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе құрылтай құжаттарымен айқын шектелген қызмет мақсаттарына

Scanned with CamScanner

қайшы, не оның басшысының жарғылық құзыретін бұзып жасаған мәмілесі: құрылтайшының, тиісті саланың уәкілетті органының, сондай-ақ оған қатысты осы жарғыда көрсетілген мүлікке қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын органның, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4-тарау. Мемлекеттік мекемені басқару

16. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Қарағанды облысы білім басқармасының «Қарағанды қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі тұлғасында «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

17. Қарағанды облысының әкімдігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) оған осы жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

«Қарағанды облысының қаржы және мемлекеттік активтер басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп береді;

2) мемлекеттік мекеменің жарғысын, оған өзгерістер мен толықтыруларды енгізуді бекітеді;

3) мемлекеттік мекемеге берілген немесе ол өзінің шаруашылық қызметі нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге жазбаша келісім береді;

4) оған осы жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

«Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) «Қарағанды облысының қаржы және мемлекеттік активтер басқармасы» мемлекеттік мекемесіне мемлекеттік мекемеге берілген немесе ол өзінің шаруашылық қызметі нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге жазбаша келісім береді;

2) «Қарағанды облысының қаржы және мемлекеттік активтер басқармасы» мемлекеттік мекемесімен келісу бойынша мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;

3) оған осы жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қарағанды облысы білім басқармасының «Қарағанды қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

Scanned with CamScanner

1) мемлекеттік мекемені қаржыландыру жоспарын бекітеді;

2) мемлекеттік мекеменің мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

3) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, қалыптастыру тәртібін және өкілеттік мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін айқындайды.

4) мемлекеттік мекеме директорының құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, оны атқаратын лауазымынан босату негіздерін айқындайды;

5) мемлекеттік мекеменің құрылымы мен штат санының шекті лимитін бекітеді;

6) мемлекеттік мекеменің даму жоспарларының орындалуына бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

7) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;

8) мемлекеттік мекеме директорының ұсынысы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

9) оған осы жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

18. Мемлекеттік мекеменің директорын білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тағайындау қағидаларына сәйкес Қарағанды облысы білім басқармасының «Қарағанды қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

19. Мемлекеттік мекеме директоры мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық етеді, Қарағанды облысы білім басқармасының «Қарағанды қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне тікелей бағынады және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

20. Мемлекеттік мекеме директоры дара басшылық принциптерінде әрекет етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес мемлекеттік мекеме қызметінің мәселелерін дербес шешеді.

21. Мемлекеттік мекеме директорының мемлекеттік мекеменің жарғылық емес қызметін жүзеге асыруға бағытталған іс-әрекеттері еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады.

22. Мемлекеттік мекеме директоры Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) мемлекеттік мекеменің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;

3) шарттар жасайды;

4) сенімхаттар береді;

Scanned with CamScanner

5) мемлекеттік мекеменің іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың өзге де түрлері бойынша жоспарларын бекітеді;

6) банк шоттарын ашады;

7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан шығарады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеменің қызметкерлеріне көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады;

10) өзінің орынбасарлары мен мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктер ауқымын айқындайды;

11) оған Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы жарғымен және Қарағанды облысы білім басқармасының «Қарағанды қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесімен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады

5-тарау. Мемлекеттік мекеменің мүлкін құру тәртібі

23. Мемлекеттік мекеменің мүлкі оның балансында көрсетілетін заңды тұлғаның активтерін құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналар есебінен қалыптастырылады:

1) оған құрылтайшы берген мүлік;

2) меншікті қызмет нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздер.

24. Мемлекеттік мекеме өзіне бекітілген мүлікті және өзіне смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті дербес иеліктен шығаруға немесе өзге де тәсілмен билік етуге құқылы емес.

25. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізеді және есептілік ұсынады.

26. Мемлекеттік мекеменің қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру және ревизия Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен «Қарағанды облысының білім басқармасы» ММ тиісті саланың уәкілетті органымен (жергілікті атқарушы органмен немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратымен) жүзеге асырылады.

Scanned with CamScanner

6-тарау. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

27. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

7-тарау. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

28. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу «Қарағанды облысының қаржы және мемлекеттік активтер басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады және «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркеу рәсімінен өтеді.

8-тарау. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

29. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қарағанды облысы әкімдігінің шешімі бойынша жүргізіледі.

30. Мемлекеттік мекеме заңнамалық актілерде көзделген өзге де негіздер бойынша таратылады.

31. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды Қарағанды облысының әкімдігі «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесімен келісу бойынша жүзеге асырады.

32. Таратылған мемлекеттік мекеменің кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкі «Қарағанды облысының қаржы және мемлекеттік активтер басқармасы» мемлекеттік мекемесімен қайта бөлінеді.

33. Таратылған мемлекеттік мекеменің ақшасы, оның ішінде осы заңды тұлғаның мүлкін өткізу нәтижесінде алынған, кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған қаражат тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

9-тарау. Мемлекеттік мекеменің филиалдары және өкілдіктері туралы мәліметтер

34. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

Директор_____ Г.А. Масалимова

(қолы)

Scanned with CamScanner